ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
«ТЕМІРТАУ ҚАЛАСЫНЫҢ
БІЛІМ БӨЛІМІ»
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«ОТДЕЛ ОБРАЗОВАНИЯ
ГОРОДА ТЕМИРТАУ»
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

**БҰЙРЫҚ** **ПРИКАЗ**

28.08.2024ж. № 253

Теміртау қаласы город Темиртау

**Теміртау қаласының**
**білім беру ұйымдарының**
**білім алушыларын ыстық тамақпен**
**қамтамасыз ету туралы**

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы № 320 «Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмектің мөлшерін, көздерін, түрлерін және оны беру қағидаларын бекіту туралы» Қаулысына, Қарағанды облыстық мәслихатының 2023 жылғы 14 желтоқсандағы X сессиясының «2024-2026 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» № 199 шешіміне, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 598 «Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етумен байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы №ҚР ДСМ-76 «Білім беру обьектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы бұйрығына, «Қарағанды облысының білім беру ұйымдарының оқушыларын ыстық тамақпен қамтамасыз ету туралы» «Қарағанды облысы білім басқармасы» ММ 2024 жылғы 26 тамыздағы №391 бұйрығына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Теміртау қаласының білім ұйымдарына:

1) 2024 жылғы 1 қыркүйектен бастап, жергілікті бюджет қаражаты есебінен тамақтанатын 1-4 сыныптың білім алушыларын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысымен көзделген бюджет қаражаты шеңберінде тамақтанатын 5-11 сынып білім алушыларын ыстық тамақпен қамтамасыз ету бойынша жұмыс ұйымдастырылсын.

001330

2) Ұсынылған перспективалық мәзірге (қосымшаға) сәйкес білім алушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, тағам үлесінің массасын граммен көрсеткен перспективалы екі апталық мәзір бекітілсін.

3) Білім беру ұйымдарының асханаларында ата-аналар төлемі есебінен тамақтанатын білім алушылардың қолма-қол ақшасыз есеп айырысуы ұйымдастырылсын.

4) Білім беру ұйымдарының тамақтану сапасының жүйелі мониторингін және ыстық тамақтануды ұйымдастыру жөніндегі ақпаратты интернет-ресурстың «Мектептік тамақтандыру» айдарында орналастыру қамтамасыз етілсін.

2. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау сектор меңгерушісі Сыздыкова Шолпан Актаевнаға жүктелсін.

**Қарағанды облысы білім басқармасының**
**«Теміртау қ. білім бөлімі» ММ**
**басшысы** **Х. Жаудинова**

*Орын.: Ш. Сыздыкова*
*Тел.: 8 7213 985482*